«Бекітемін»
И.Панфилов атындағы
№5 мектеп - лицей директоры
_____ Б.Дуйсенбаев
« 31» тамыз 2026 ж

«Келісемін»
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____ А.Алиев
« 28» тамыз 2026 ж

И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 2026 – 2027 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес
(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар,
өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

Мектеп – лицей директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Алиев

2026-2027 оқу жылы

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылады және саналы шешім қабылдай алатын, заңды, еңбекті, қоғамдық құндылықтарды құрметтейтін және елдің дамуына өз үлесін қоса алатын білімді, отансүйгіш, жауапты әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыруға бағытталады.

«Адал азамат» бағдарламасы бұған дейін жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» біртұтас тәрбие бағдарламасының заңды жалғасы болып табылады. Тәрбиеге заманауи көзқарас мектеп, отбасы, мемлекет және қоғамның өзара іс-қимылы негізінде баланың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас тәрбие ортасын құруды көздейді.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Конституциясының құндылықтарын, «Еңбек адамы» құндылығын, «Заң және тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттарын оқу-тәрбие процесінің барлық бағыттарына кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, еңбекке деген құрметін, экологиялық санасын, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және айналасындағы адамдарға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Тәрбие жұмысының негізіне Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрініс тапқан алты негізгі құндылық алынған:

еңбекқорлық және кәсібилік;

тәуелсіздік және отансүйгіштік;

әділдік және жауапкершілік;

бірлік және ынтымақ;

заң және тәртіп;

жасампаздық және жаңашылдық.

Тәрбие жұмысының мазмұны тиісті негізгі құндылықтарды ескере отырып, айлар бойынша бөлінеді:

қыркүйек — еңбекқорлық және кәсібилік;

қазан — тәуелсіздік және отансүйгіштік;

қараша — әділдік және жауапкершілік;

желтоқсан — бірлік және ынтымақ;

қаңтар — заң және тәртіп;

ақпан — жасампаздық және жаңашылдық;

наурыз — тәуелсіздік және отансүйгіштік;

сәуір — еңбекқорлық және кәсібилік;

мамыр — бірлік және ынтымақ.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, тәрбие жұмысының өзекті міндеттері, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, атаулы күндер, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы келеңсіз құбылыстардың алдын алу шаралары ескеріледі.

2026–2027 оқу жылында тәрбие жұмысы сынып сағаттарының мазмұнына негізгі тәрбие бағыттарын жүйелі түрде кіріктіру негізінде жүзеге асырылады.

Әрбір сынып сағатын әзірлеу барысында негізгі тақырып төрт маңызды бағытпен байланыстырылады: **Қазақстан Республикасының Конституциясы**, **«Заң және тәртіп»**, **«Таза Қазақстан»** және **«Еңбек адамы».** Бұл бағыттар жеке қосымша іс-шаралар ретінде өткізілмейді, керісінше сынып сағатының негізгі тақырыбының мазмұны арқылы ашылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы білім алушылардың құқықтары, міндеттері, азаматтық жауапкершілігі, әділдік және мемлекеттік құндылықтарға құрмет туралы түсініктерін қалыптастырудың негізі болып табылады.

«Заң және тәртіп» бағыты ережелер мен мінез-құлық нормаларын сақтау, жеке және қоғамдық жауапкершілік, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, қауіпсіз әрі заңға бағынатын мінез-құлық мәселелері арқылы кіріктіріледі.

«Таза Қазақстан» бағыты экологиялық мәдениетті, табиғатқа, мектеп кеңістігіне, қоғамдық мүлікке, ресурстарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Еңбек адамы» бағыты сынып сағатының мазмұнына еңбекке, түрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды, өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды, еңбекқорлықты, дербестікті және қоғамға пайда келтіруге ұмтылысты тәрбиелеу арқылы енгізіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» және «Еңбек адамы» бағыттары біртұтас тәрбие желісін құрайды және нақты тақырыптың мазмұны мен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сынып сағаттарының тақырыптарына жүйелі түрде енгізіледі.

Тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі — қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. «Жеке қауіпсіздік» оқу курсы ықтимал қауіпті жағдайларды тани білуге, негізделген шешім қабылдауға, жеке, қоғамдық, жол және цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталған.

Сынып сағаттарының мазмұнына білім алушылардың жеке қауіпсіздігі мен қауіпсіз мінез-құлқына, соның ішінде жол қозғалысы ережелері мен өмір қауіпсіздігі негіздеріне арналған **«Қауіпсіздік сабағы» — 10 минуттық қауіпсіздік сабағы жүйелі түрде енгізіледі.**

Тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі — **«Таза Қазақстан»** тұжырымдамасын жүзеге асыру. Ол тек экологиялық бағыт ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке жауапкершілікті, мінез-құлық мәдениетін, табиғатқа, мектеп және қоғамдық кеңістікке ұқыпты қарауды қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Жасыл мектеп» пилоттық жобасы жүзеге асырылады. Жоба экологиялық білімді білім беру процесіне кіріктіруді және білім алушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Тәрбиенің практикалық бағытын күшейту мақсатында «Адал азамат» бағдарламасының алты әлеуметтік жобасын жүзеге асыру жалғасады:

«Қамқор» — әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды насихаттау;

«Еңбегі адал – жас өрен» — адал еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыру, мамандықтарға қызығушылықты арттыру және еңбекқорлықтың құндылығын дәріптеу;

«Шабыт» — білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу;

«Ұшқыр ой алаңы» — тілдік және коммуникативтік дағдыларды, мазмұнды пікірталас мәдениетін дамыту;

«Smart bala» («Ақылды бала») — инновациялық ойлауды дамыту және байқау жобаларын жүзеге асыру;

«Балалар кітапханасы» — кітап оқуға, білімге және танымға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыру тек жекелеген тәрбие іс-шаралары арқылы ғана емес, мектеп өмірін күнделікті және апта сайын ұйымдастыру арқылы да жүзеге асырылады.

Күнделікті тәрбие жұмысына білім алушылардың бос уақытын ұлттық ойындар арқылы ұйымдастыруға бағытталған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», ата-аналардың баласымен өзекті адамгершілік тақырыптар бойынша жеке қарым-қатынас жасауын көздейтін «Өнегелі 15 минут», суды, энергияны, азық-түлікті және басқа да ресурстарды үнемді пайдалануға дағдыландыратын «Үнемді тұтыну», сондай-ақ мектеп ортасында ұлттық күйлерді пайдалануға бағытталған «Күй күмбірі» жобалары енгізіледі.

Апталық тәрбие жұмысына «Менің Қазақстаным» — оқу аптасының басында бірінші сабақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау, оқу және сабақтан тыс қызметтің мағыналық бағдаршысы ретінде аптаның дәйексөзін пайдалану, сынып сағаттарын, қауіпсіздік сабақтарын және мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу кіреді.

«ДОСБОЛLIKE» бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аударылады. Бағдарлама қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға және буллингтің алдын алуды кешенді түрде жүзеге асыруға бағытталған. Жұмыс антибуллингтік мәдениетті қалыптастыруды, балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа және эмоционалдық интеллектке үйретуді, педагогтер мен ата-аналардың құзыреттілігін арттыруды, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау мен тұрақты мониторинг жүргізуді қамтиды.

Осылайша, 2026–2027 оқу жылындағы тәрбие жұмысы — «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары сынып сағаттарының мазмұны, білім беру процесі, әлеуметтік жобалар, профилактикалық жұмыстар, мектеп ортасы және отбасымен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылатын біртұтас жүйе.

Тәрбие жұмысының негізгі нәтижесі — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтейтін, өз елінің тәуелсіздігін бағалайтын, еңбекқорлық, әділдік пен ынтымақты бойына сіңірген, табиғат пен қоғамдық мүлікке ұқыпты қарайтын, нақты және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ете алатын, білімге, жасампаздыққа және қоғамның дамуына ұмтылатын адал әрі жауапты азаматтың тұлғасын қалыптастыру.

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОСПАРЫ

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-***«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»*:** үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -***«Өнегелі 15 минут»*** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -***«Үнемді тұтыну»*** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -***«Күй күмбірі»*** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; - ***«Балалар кітапханасы» жобасы аясында*** мектептерде үзіліс кездерінде «15 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыру (*ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хеменгуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).*	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, мектеп кітапханашысы т.б.	Күнделікті жыл бойы
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-***«Менің Қазақстаным»*** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - ***«Апта дәйексөздері»*** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -***«Қауіпсіздік сабағы»*** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу. **«12 ай – 12 кітап» жобасы**	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Апта сайын жыл бойы

	Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру кітап оқу		т.б.	
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (алдын алу)	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС және т.б.)*	Айына 1 рет
2	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібі туралы» интерактивтік сабақтар	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ТЖД)*	Айына 1 рет
Тоқсан сайын атқарылатын іс шаралар				
1	«ДосболLIKE» акциясы	Акция	Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Тоқсанына 1 рет
2	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	А.Алиев А.Менлибаева	Тоқсанына 1 рет
3	Ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында **«Ерте жүктіліктің қауіп – қатері»** *қыз балалар клубтарының отырысы*	Облыстық жоспар бойынша, хаттама	А.Менлибаева денсаулық сақтау өкілдері	Тоқсанына 1 рет

Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	**«Болашаққа жолдама»** жобасы *«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы*	Облыстық жоспар бойынша	А.Алиев А.Менлибаева	Жыл бойы
2	2026 жыл – 2026 жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды *«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы*	жобасы бойынша		Жыл бойы
3	Қызылорда облысының білім беру ұйымдарында құрылған **«Adal urpaq» , «Sanaly urpaq»** жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шаралары *«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы*	Облыстық жоспар бойынша	А.Алиев А.Менлибаева	Жыл бойы
4	**«Birgemiz: Qamqor»** акциясы *(қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету)* *«Қамқор» жобасы*	Облыстық акция	А.Нұртанова	Жыл бойы
5	**«Табиғатқа қамқорық жасаймыз» акциясы« Birgemiz: Taza Alem»** акциясы *(қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)* *«Қамқор» жобасы*	Облыстық акция	А.Нұртанова	Жыл бойы
6	**«Мейірімділік – адамдықтың негізі»** акциясы *(күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету)* *«Қамқор» жобасы*	Облыстық акция	А.Нұртанова	Жыл бойы
7	Қызылорда облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары *«Қамқор» жобасы*	Облыстық жоспар	А.Менлибаева А.Нұртанова	Жыл бойы жоспар негізінде
8	Кәмелкетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, ертек жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарлары *Алдын алу шаралары*	Облыстық жоспар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі	Жыл бойы жоспар негізінде
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы: құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктері» оқыту семинары	Жоспарға сәйкес	Облыстық білім басқармасы	Тамыз
2	Тәрбие процесін жоспарлау, бекіту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	А.Алиев	Тамыз

			А.Менлибаева	
3	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Жоспарға сәйкес	А.Нұртанова	Тамыз

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

І АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

1	**Білім күні** ««Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі!» алғашқы қоңырау салтанатты іс-шарасы, сынып сағаты» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут) («Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» ерлік сабағы (10 минут))*	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	А.Алиев А.Менлибаева 1-11 сынып	1 апта
2	Жол қауіпсіздігі! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	1-8 сынып	Қыркүйек
3	«Тайм-менеджмент және өзін-өзі ұйымдастыру»«Даналық мектебі» жұмыс тобы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметі	Шеберлік сыныбы	1 сынып жетекшілер	7-11 қыркүйек
4	**«Мен оқыған кітапты сен де оқы»** библио-кросс акциясы (*жазғы каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау*)*«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Акция	Сынып жетекшілер, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	1 апта
5	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» А. Байтұрсыновтың туған күні құрметіне орай іс-шара	іс-шара	1-11 сынып	1 апта
6	*Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығыаясында «Конституция құндылықтары: балалардың әл-ауқаты мен бақытты өмірінің негізі» тақырыбында ашық есік күні*	Ата-аналар жиналысы	А.Менлибаева Н.Айтбай	1 апта
ІІ АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
7	**«Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	1-8 сынып	2 апта
8	Отбасы күніне арналған мерекелік шара **«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»** челленджі	Отбасы күніне	А.Алиев	2 апта

	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»	арналған челлендж	А.Менлибаева	
9	**«Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы»** *Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай виртуалды кітап көрмесі «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Көрме	1-11 сынып Кітапханашылар	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)				
10	«Мен таңдаған мамандық» кәсіби бағдар беру шарасы Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу *1-4 сыныптар «Біздің үйдегі еңбек»* *5-9 сыныптар «Адал еңбек – адамдықтың белгісі»* *10-11 сыныптар «Мамандық пен еңбек таңдауы – болашаққа бастар жол»* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Профориентация Сынып сағаты	1-11 сынып	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – елдің ертеңі, біліктілік – болашақтың кепілі»				
11	Барлық сыныптарда Еңбек құндылығын дәріптеуге арналған түрлі форматтағы іс-шара**«Еңбекқорлық-табыстың кілті»,«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы«Қамқор» жобасы**Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	А.Менлибаева А.Нұртанова	4 апта
12	**«Театрдың ғажайып әлемі»** *«Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Облыстық байқауға іріктеу	А.Айдарбекова	4 апта
13	**«Денсаулық – зор байлық»** фестивалі	«Денсаулық фестивалі»	А.Алиев А.Менлибаева	жоспарына сәйкес
14	**«Бір қадам – үлкен өзгеріс»** *(барлық білім беру ұйымдарында құрылған волонтерлар клубтарының әртүрлі формаларын көрсету және кез-келген адамның қоғамға көмектесу мүмкіндігі туралы бейнероликтер жасау) «Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Әлеуметтік желіге жариялау	А.Менлибаева А.Нұртанова	Қыркүйек
15	**«Қауіпсіз мектеп» акциясы** (*Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (жолда жүру ережелерін сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары)***«Қауіпсіз қоғам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шаралары	А.Алиев А.Менлибаева Мектеп инспекторы	Айына 1 рет
16	**«Адал болу – әр адамның міндеті»** *тақырыбында бірыңғай адалдық сағаты* *#Адалдықсағаты*	Адалдық сағаты	А.Алиев А.Менлибаева Сынып жетекшілер	Қыркүйек
17	1. Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері 2. Алғашқы өрт сөндіру құралдары және оларды қолдпну ережелері 3. Радиациялық – химиялық, бактериологиялық қорғау	Алдын алу шарасы	А.Алиев А.Менлибаева Мектеп	Қыркүйек

	Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн) *(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)*		инспекторы, БӘД пәні мұғалімі	
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 Қазан** – Республика күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»				
1	**«Тәуелсіздік және отаншылдық»** Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)құндылығына сәйкес сынып сағаты	Сынып сағаты	1-11 сынып	1 апта
2	**«Мың жақсылық» акциясы «Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет, халықаралық акция*«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Акция,марафон	А.Нұртанова Н.Шарапат	1 апта
3	«Ұрпаққа аманат»**«Қуаныш сыйлайық»***(қарттар үйіне концерт ұйымдастыру, қарттарға құрмет көрсету) «Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Мектепішілік шара	А.Менлибаева А.Нұртанова Н.Шарапат	1 апта
4	«Ұстаз – ұлы есім»ұстаздар күніне арналған шара	Шара	11 сынып	I аптасы
6	**5 қазан** – Мұғалімдер күніне арналған **«Даналық ұстаздан»** челленджі *«Шабыт» жобасы*	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Н.Шарапат	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
7	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен **«Дублер күнін»** ұйымдастыру*«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)*	Әлеуметтік желіге ақпарат	11 сынып	1апта
8	**«Күзгі асар»** жәрмеңкесі *(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)*	Жәрмеңке	А.Менлибаева 5-7 сынып	2 апта
9	«Мектеп театры» жобасының мектепішілік және қалалық кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде)*	Спектакль	А.Айдарбекова	Қазанның II аптасы
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
10	**«Тәуелсіз Қазақстан Ұлы дала елі»** *(Қазақстанның табиғаты, мәдениеті, қалалары мен жетістіктері туралы фотсуреттер ұсыну)«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)*	Фото көрме	Н.Шарапат	3 апта

11	Мектеп парламентінің президентін сайлау *«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)*	Мектеп сайлауы	А.Алиев А.Менлибаева Н.Шрапат	3 апта
12	2026 жылғы 24 қазан Кітапханашылар күні	Шара	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отаным – алтын бесігім»				
13	**«Адамгершілік және адалдық»** мектепішілік турнирі *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы және облыстық жоспар негізінде*	Турнир	А.Менлибаева Қ.Өмірбек	4 апта
12	**«Қазақстан Республикасы: кеше, бүгін, ертең»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	1-11 сынып	4 апта
13	**«Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің қос тірегі»** мектепішілік іс-шара **«Қыран елім-Қазақстан»**Республика күніне орай туған өлкесінің ақын-жазушыларының кітаптарына шолау жасау*«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	А.Алиев А.Менлибаева Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	4 апта
14	«Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу» *(нашақорлықтың, вейп, есірткі бизнесінің алдын алу)***«Өмірге салауатты қадам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шаралары	А.Алиев А.Менлибаева	Айына 1 рет
15	**«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақтың кілті – жастарда!»** *тақырыбында көңілді тапқырлар клубы командалары арасында ойындар ұйымдастыру* *«Шабыт» жобасы аясында, облыстық жоспар негізінде*	Көңілді тапқырлар клубы ойындары	А.Айдарбекова А.Менлибаева	Қазан
16	1. Күзгі кезеңдегі өрттің себептері және өрт қауіпсіздігі шаралары 2. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында өрттің алдын алу *Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн) (алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)*	Алдын алу шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	Қазан
17	Республика күніне орай «Домбыра – ұлттың үні» атты оқушылардың бір мезетте «Сарыарқа» күйін орындау шарасы	Ауқымды шара	А.Алиев А.Менлибаева	2026 ж12-14 қазан
18	Республика күніне орай«Туған жерім менің – Қазақстаным!» бірінші сынып және бітіруші түлектердің бір мезетте тал егу акциясы(«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі аясында)	Акция	1-11 сынып	2026 жылғы 15-16 қазан
19	Дүниежүзілік дұрыс тамақтану күні. "Дәмді және пайдалы: дұрыс тамақтану ережесі" жалпымектепішілік іс-шарасы	Шара	А.Нұртанова	15 қазан
20	Әдеби-тарихи кеш **«Тарих. Тағылым. Тұлға (**Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай)»	Әдеби кеш	А.Алиев А.Менлибаева	22 қазан

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ **15 қараша** – Ұлттық валюта – теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым»				
1	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» «Еңбек адамы» идеологемасы аясында іс-шара сынып сағаты	ашық есік, сынып сағаты	А.Алиев А.Менлибаева Н.Айтбай	I апта
2	**«Мен оқыған бір кітап...»** библио-кросс акциясы (күзгі каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау)«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Акция	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	1 апта
3	«Мектеп театры» жобасының облыстық кезеңі *(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде).***Мектеп театры«Театр және тарих»** тарихи оқиғаларды сахналау.«Шабыт» жобасы және облыстық жоспар негізінде	Театр қойылымы	А.Айдарбекова	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тура биде туған жоқ!»				
4	Ұлттық валюта күніне арналған **«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*		1-11 сынып	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»				
5	«Идеядан - өнімге» атты «Smart bala» жобасы аясында байқау **«Startup» байқау»**Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары*«SMART BALA» жобасы*	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	Информатика пәнінің мұғалімдері	3 апта
5	**«Жақсы кітап – жан азығы»** *«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Эссе байқауы	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта
6	**«Әділдік және жауапкершілік»** Буллингтен қорған тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	1-11 сынып	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
7	**«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік»** Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қаржылық сауаттылық)**«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шаралары	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
8	**«Парламент өмірінен бір күн»** «Мектеп парламенті» мүшелері арасында челлендж *«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)*	Челлендж	Н.Шарапат	4 апта

9	Мамандықтар әлемі *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Түсіндіру жұмыстары	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
10	**«Қауіпсіз жол – әрқайсымыздың міндетіміз»** қысқы жол қауіпсіздігіне арналған акция *(жолда жүру қауіпсіздігін насихаттау, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге арналған ақпараттық және ескерту акцияларын ұйымдастыру) «Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Акция	1-8 сынып	4 апта
11	**«Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы»***«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында білім алушылармен дөңгелек үстел өткізу*	Дөңгелек үстел	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
12	Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай арналған шара	Шара	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі күшті ел озады»				
1	**«Тәуелсіздік негізі – бірлік және ынтымақ»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Халықаралық еріктілер күніне орай еріктілер қозалысының құрамына қабылдау рәсімін өткізу*«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Қабылдау рәсімі	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
3	**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясыи *«Қамқор» жобасы*	акцияс	Сынып жетекшілері	1 апта
4	«Суды үнемде!» «Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға бағытталған плоггинг шарасы	Плоггинг	Сынып жетекшілері	I апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»				
5	**«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясыбайланысты сынып сағаты*Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
6	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы, **«Бір отбасы – бір кітап»** байқауы*«Балалар кітапханасы» жобасы және облыстық жоспар негізінде*	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі /	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	2 апта
7	**«Жетістігімді еліме арнаймын»** челленджі	Челлендж	Шарапат Н	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
8	**«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына Буллингтен қорған байланысты сынып сағаты *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта
9	Заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша турнир *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*	Мектепішілік турнир	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта

10	«Тәуелсіздік – ұлттың ұлы мұраты» Тәуелсіздік күніне арналған шара	Шара	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
11	«Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекелік шарасы	Шара	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
12	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық зомбылықтың алдын алу) **«Буллингтен қорған!» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
13	**«Театр және біз»** театр үйірмесінің жылдық қорытындысы *«Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)*	Қорытынды шарасы	А.Айдарбекова	4 апта
14	**«Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!»** *Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне челлендж ұйымдастыру*	Челлендж	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
15	2026 жылғы11 желтоқсан Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына орай арналған шар	Шара	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
1	1. Пиротехникалық өнімдерді қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау 2. Мерекелік күндердегі өрт қауіпсіздігінің алдын алу *Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)* *(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)*	Алдын алу шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
2	Қысқы каникул шарасы	он күндік	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы,тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
3	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығыаясында ашық есік күні «Баланы бірге қорғайық» құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен бірлескен шара	ашық есік күні	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
4	**«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	9-11 сынып	2 апта
5	**Мамандықтар марафоны** *Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс* *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Байқау	А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң– болашақ кепілі»				
6	**«Заң және тәртіп»** құндылығына арналған	Сынып сағаты	11 сынып	3 апта

	Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*			
7	Белгілі тұлғалар бойынша, атаулы күндер бойынша, әлемдік және спорттық іс шаралар бойынша зияткерлік ойындар *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*	Зияткерлік ойын	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»				
8	**«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** командалық инновациялық байқауыМектептің мүмкіндігіне қарай жасанды интеллекті пайдалана отырып, командалық инновациялық жұмыстар байқауы(«SMART BALA” жобасы)	Байқау	Информатика пәні мұғалімдері	4 апта
9	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (құқықбұзушылықтың алдын алу, лудоманияның алдын алу) **«Ойынға салауатты көзқарас» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу іс-шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	Ай жоспарына сәйкес
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»				
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам тақырыбында лудоманияның алдын алу профилактикалық шарасы сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Профилактика Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Құндылықтар бойынша, жаман әдеттердің алдын алу бойынша (*лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық зомбылық, қорқыту т.б*) турнирлер ұйымдастыру *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*	Мектепішілік турнир	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдық– заман талабы»				
3	**«Жасампаздық пен жаңашылдық»** құндылығына сәйкес«Нашақорлыққа жол жоқ!» сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	**«Шын жүректен кітап сыйла!»** челленджі *«Балалар кітапханасы» жобасы(«12 ай – 12 кітап» жобасы аясында)*	Челлендж	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»				
4	**«Жасампаздық пен жаңашылдық»** құндылығына сәйкес Қауіпсіз қоғам сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
4	«Мұқағали және Мен: заманауи үндестік» «Шабыт» жобасы аясында поэзия әлеміне саяхат	Әдеби кеш	А.Айдарбекова	3 апта

5	Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік іс-шаралар	В.Валиев	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				
6	**«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»** тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
7	«JasLab: Болашаққа көзқарас» оқушылардың робототехника көрмесі, стартап идеяларын қорғау сайысы	Фестиваль	Информатика пәні мұғалімі	4 апта
8	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу(вандализм, қоғамдық мүлікті қорғау)**«Қоғамдық мүлікті қорға!» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шарасы	*1-11 сынып жетекшілер*	4 апта
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
1	Алғыс айту күніне арналған шара **«Алғыс – ізгі ниет»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Шара Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында **«Алғысым шексіз»** челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отаншылдық – ұлы қасиет»				
3	**«Ананың аялы алақаны» шара** челленджі *«Шабыт» жобасы*	Шара Челлендж	Г.Сәрсенова, Ғ.Бурханова	2 апта
4	**«Ұлттық мәдениет»** көрмесі *«Шабыт» жобасы*	Көрме	А.Айдарбекова	2 апта
5	«Заң және тәртіп»*(құқық бұзушылықтың, лудоманияның, нашақорлықтың, вандализмнің, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернет-алаяқтық пен деструктивті діни ағымдардың алдын алу тақырыптары шеңберінде)*	Дебат	А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
6	**«Ананың аялы алақаны»** Халықаралық әйелдер күніне арналған шара	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
7	**«Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Наурызнама» тұжырымдамасы «Күй күмбірі»** домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау *(таңдау бойынша)*	апталық	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта

9	**«Жер сағаты»** экологиялық акциясы *Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған акция «Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Акция	сынып жетекшілер	3 апта
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу) **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	Айына 1 рет
СӘУІР – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»				
1	Халықаралық балалар кітабы күніне арналған шара **«Біз таңдаған кітаптар»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Шара Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
2	**«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні **«Өмірге салауатты қадам»** сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Шара Сынып сағаты	9 сыныптар 5- сынып	2 апта
3	**«Атадан-өсиет, анадан қасиет»** ата-аналарға арналған шеберлік сынып *(«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)*	Шеберлік сынып	А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
4	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай **«Ғарышқа саяхат»** макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	7 сынып А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
5	**«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес Буллингтен қорған ! сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	8 сынып	3 апта
6	Өмірлік жағдайларға байланысты турнир *(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)*	Мектепішілік турнир	А.Алиев А.Менлибаева	3 апта
7	«Мен таңдаған мамандық» білім алушылардың өз ісінің мамандарымен, кәсіпкерлермен кездесуі	Профориентация	9 -11сыныптар	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Кәсіби біліктілік – тек күш емес, ақыл мен тәжірибе»				
8	**«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік»** құндылығына сәйкес	Сынып сағаты	Сынып	4 апта

	«Қоғамдық мүлікті қорға» сынып сағатыҚауіпсіздік сабағы *(10 минут)*		жетекшілері	
9	**«Түлектердің ағаш егуі»** экочелленджі (*«Қамқор» жобасы)*	Челлендж	11 сынып	4 апта
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (Вейптер, Спайстар мен есірткі туралы шындық)**«Өмірге салауатты қадам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шарасы	*6 сынып*	Айына 1 рет
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ **1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
І АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
1	«Бейбітшілік пен бірлік – басты құндылық» Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған шара**«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»**Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Шара Сынып сағаты	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
2	«Бейбіт елдің батыр ұландары» әскери қызметкерлермен, ардагерлермен кездесу	Кездесу	А.Алиев А.Менлибаева	1 апта
ІІ АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
3	**«Бірлік және ынтымақ»** құндылығына Буллингтен қорған!сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10минут)*	Сынып сағаты	1-4 сынып	2 апта
4	«Ұлы Жеңіске – мәңгі тағзым» соғыс ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігін еске алу шарасы	Шара	А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
5	**«Жас сарбаз»** әскери-патриоттық әндер фестивалі *«Шабыт» жобасы*	Фестиваль	А.Айдарбекова	2 апта
6	Отбасы күніне арналған **«Отбасылық дәстүрлер»** апталығы *«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы*	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	А.Алиев А.Менлибаева	2 апта
ІІІ АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»				
7	**«Бірлік және ынтымақ»**құндылығына сәйкес Қауіпсіз қоғам, сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мектеп психологы	3 апта
8	**«Білімім – Отаныма!»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	жетістіктеп шеруі	Сынып	3 апта

			жетекшілері	
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
9	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (*Жазғы мезгілдегі қауіпсіздік: өрт қауіпсіздігі, су қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғалары, теміржолдағы қауіпсіздік*) **«Қауіпсіз қоғам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Мектепішілік алдын алу шарасы	А.Алиев А.Менлибаева	Айына 4 рет
10	**«Әншуақ» фестивалі, лагерь ашылуы** *«Шабыт» жобасы*	Фестиваль	А.Алиев А.Менлибаева	4 апта